

АБАЙ МЕН ӘЖІНИЯЗДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРБАЯНЫНДАҒЫ ОРТАҚ ТАРИХИ МӘСЕЛЕЛЕР

ӘЛІМБАЙ АМАНБАЙҰЛЫ НАЙЗАБАЕВ

*М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті,
«Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, педагогика
ғылымдарының магистрі*

Біз бұл мақаламызда қазақ және қарақалпақ халықтарының ұлы классиктері, данышпан ақындары – Абай Құнанбайұлы мен Әжінияз Қосыбайұлының шығармаларындағы кейбір өмірбаяндық тарихи фактілерді сөз етіп, екі сөз зергерінің ақындық еңбектеріне аз-кем тоқталмақпыз. Ол үшін екі ақынның қайталанбас шығармаларын тудырған дәуірін, сол кездегі қоғамдық-саяси қарым-қатынас пен олардың жасаған тарихи ортасы туралы қысқаша айта кету керек.

Абай – қазақтың кең сахарасының шығысында XIX ғасырдың орта кезінде 1845 жылы Шыңғыс тауын мекендеген Тобықты руынан шығып үстемдік жүргізген аға-сұлтанның отбасында дүниеге келіп, XIX ғасырдың екінші жартысында баға жетпес шығармашылық еңбектерін жазған ақын. Абайдың балалық шағы XIX ғасырдың ортасында өтеді. Бұл кезде орыс патшасы қазақ жерлеріне әскери қамалдар салу арқылы, қазақтың ең шұрайлы жерлерін отарлап, ол жерлерге орыс шаруаларын қоныстандыра бастаған. Ал, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ жеріне сауда-саттық капитализмі баса көктеп кіре бастаған болатын. Осы тұста қазақ халқының иығына бір жағынан орыс патшасының озбырлығы мен алым-салығы түссе, екінші жағынан қазақтың бай мен бек, болыс, би сияқты топтарының халықты жаудай талағаны ауыр тиеді. «Әрине, ол салық елдің қанаушы тобы: бай-шонжарлары, би, старшындары, атқамінерлері, елубасылары өз қолдарынан үлестіретін болғандықтан, шаруалардың ауқатына қарамай, түтінге үлестірілетін. Сондықтан халық оны «түңлік басы салық» дейтін. Бұл салықтармен қатар, патшалықтың «лау-көлік салығы» қатар жүреді. Және ол түңлік басына әр болыстың «қара шығын» дейтін үстеме салығы болады. Ол болыстық әкімдердің сойысы, мінетін аттары, әр алуан «сыбағасы» есебінде үстеме шығын болып, момын елден жиналады» [1.9 б.], - деп Абай тұсындағы дәуір шындығын тарихи деректерге сүйеніп жазады М.Әуезов.

Ал, Әжінияз болса Хиуа хандығына қарасты, Хорезм ойпатында XIX ғасырдың басында ашамайлы руының сақыу тиресі (сандаулы) – Қоңырат арысынан шыққан дәулетті, әрі батырлар әулетінде 1824 жылы дүниеге келген.

Осы мақаламызға материал жинау барысында Әжінияздың шыққан тегіне байланысты қарақалпақ тіліндегі қолға түскен материалдардан байқағанымыз оның дәулетті бай отбасынан шыққаны жөнінде жазылмаған екен. Әжінияздың шыққан отбасы әр кітапта әртүрлі баяндалады. Мысалы, ғалым Қырықбай Байниязовтың «Қосықтың күші» деген зерттеу кітабында: «...орта халлы дийхан семьясында тууылған» [6.32 б.], немесе «Мезгили менен тойып ыссы ауқат ишиу, жумсақ шөрек жеу дегенлер Әжинияз усаған камбағал талабанлардың турмысында сийрек ушырасатуғын уақыя еди» [6.36 б.] - десе, Сражаддин Ахметов, Камал Мәмбетов құрастырған 10 -сыныпқа арналған «Қарақалпақ әдебияты» оқу құралында: «Ата-бабалары балықшылық, аңшылық, хәм егин егип күн көретуғын адамлар болған» [2.71 б.], - деп жазады. Ал, Москва университетінің баспасынан 1960 жылы жарық көрген «История литератур народов Средней Азии и Казахстана» деген кітапта: «Крупным мастером лирики был Ажинияз Косыбай-улы (1824 -1878), происходивший из зажиточной семьи» [6.201 б.], - деп тайға таңба басқандай етіп «из зажиточной семьи» деп жазылған. Осындағы «из зажиточной семьи» дегенде Әжінияздың «дәулетті бай семьядан» шыққандығы айтылған. Бұл соңғы кітаптағы дерек алдыңғы екі кітаптағы деректерден әлдеқайда бұрын басылған. Біз Әжінияз өмірбаянының осы тұсы келешекте әлі зерттеліп, нақтыланар деген мақсатпен 1960 жылғы Москвадан жарық көрген кітаптағы нақты жазба дерекке сүйеніп, Әжінияздың дәулетті отбасынан шыққанын жазуды мақұл көрдік.

Табиғи таланты биік Әжінияз да көркем шығармаларын XIX ғасырдың екінші жартысында жазады. Түркістаннан Хорезмге көшіп келген қарақалпақтардың бір бөлігі Хиуа хандығының бұйрығымен Әмудің төменгі ағысына қоныстанып, асау дөрияның екі бойында егін егіп, балықшылық кәсіппен өмір сүріп жатқан ел болатын. Үргеніш қаласында отырған Хиуа ханы алыста орналасқан қарақалпақтарды іштерінен шыққан билерін өзіне тартып, солар арқылы басқарады. Бұл туралы «Қарақалпақ бийлері хәм салық жыйнаушылары тәрәпинен түскен салғырт көлеми тағы да арттырылып өндирилди. Буның устине «шапар пулы», «кесир пулы»

сияқты толып атырған салғыртлар төлетілген. Өндирис қураллары, жер, мал-мүлік урыу атына есапланса да, оны тийкарынан сол урыудың бий, кәтқудалары, байлары, дин ийелери пайдаланған. Сөйтіп, салғыртлардың ауырманлығы мийнеткеш халықтың мойнына түскен» [2.147 б.], - деген деректер Абай тұсындағы қазақ тұрмыс-тіршілігіндегі саяси жағдаймен қарақалпақ халқының да бірдей хәлде болғанын байқаймыз. Бұл дерекетерден Қырда – орыс патшасы, ойда – Хиуа ханы қол астындағы халықтарға ел басқаруда әділетсіз әдіс-айла, бірдей тәсіл қолданғанын аңғаруымызға болады.

Екі халықтың да басынан өткен әртүрлі тарихи жағдайлар мен оқиғалар адамдардың арасындағы жағымсыз мінез құлықтар Абай мен Әжінияз шығармаларында барынша көркем суреттеліп шыншыл реализммен баяндалғанын көреміз.

Абай:

...Ақша беріп жалғасқан,
Ақысын әрең сол алды.
Орыс сыяз қылдырса,
Болыс елін қармайды.
Қу старшын, аш билер,
Аз жүрегін жалғайды [3. 71 б.]

Немесе:

Ұрысса орыс,
Елге болыс
Үйден үрген итке ұқсап.
Өзі ұлыққа
Қадірі жоққа
Қарамай, өз халқына.
Сөз қайырмай
Жөнді айырмай,
Жұртқа шабар талпына [3. 71 б.], -

деп орыс ұлықтарымен ауыз жаласқан қазақтың болыстарын оңдырмай әшкерелейді. Орысқа жағымпаз, ал өз қазағына жөнсіз шапқан кейбір болыстарды «Үйден үрген итке ұқсатады». «Орыс» деп шенегенде орыс халқын айтпай, сол кездегі қазақ ортасындағы әдет бойынша ұлықты «орыс» деп атаған қалыппен айтқан екен. «Сыяз» - орыстың «съезд» сөзі. Абайдың шенейтіні патша аппаратының болыс, старшын, елубасы, билері. Алым-салықты халықтан жиятын да солар болатын. «Бұлар патшалық әкімшілігінің қазақ арасына орнатып отырған аппараты» [1.123 б.] - дейді М.Әуезов. Орыстың сыязын пайдаланып, өз елінен арамдықпен пайда таппақ болысты Абайдың жек көргені соншалық:

Сырттансынбақ, қусынбақ, өршілденбек,
Сыбырменнен топ жасап бөлек-бөлек.
Арамдықпен бар ме екен жаннан аспақ,
Өзімен-өзі бір күні болмай ма әлек.

Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек,
Адалдық, арамдықты кім теңгермек,
Мақтан үшін қайратсыз болыс болмақ,
Иттен қор боп, өзіне сөз келтірмек [3. б.], -

деп өздерін «мен жақсымын» деп айқайлап жүргендерді сын садағына алады.

Қалың қазақтың ұйытқысын бұзған, елдігін кетірген үстем тап өкілдерінің сорақылығын айтып:

«Аузымен орақ орған өңкей қыртың», «Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын» деп Абай ширыға, ашулана, күйіне түседі.

Абай өзі де ел билеп, болыс болған. Болыс болғанда жалтақ, қорқақ, әрі жағымпаз болыс емес, халқының қамын ойлаған халықшыл, білімді, әрі әділ болыс болған адам. Сондықтан Абайды ортасы мен айналасы болыстықтан босатпаған. Әділ билікпен, болыстықпен «тым болмаса осымен бірдеңе істеп болмас па екен» деп Абай партиялық сайлауға, тартысқа да түседі.

Сөйтіп жүріп патшаның құлы болып құлқынын ғана ойлайтын бишара болыстарды Абай сынап:

«Болыс болдым, мінеки,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта май
Қалмады елге тығындап.
Сөйтсе-дағы елімді,
Ұстай алмадым мығымдап,
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.
Сыяз бар десе, жүрегім
Орнықпайды суылдап.
Сыртқыларға сыр бермей,

Құр күлемін жымындап...» [3.92 б.], - деп малын шашып, шығынға батып, болыс болған пенденің әлеуметтік-психологиялық кескінін аямай жазған. Абай бұл өлеңінде сұмырай болысты өз тілімен сөйлегіп, ішкі сырын, ащы шындықты болыстың өз аузымен айтқызып. Өзін-өзіне әшкерелеткен. Болыстың өз аузымен басынан өткен жайларды баяндатып өлең жазу тәсілі ақын шығармасын әрлеп, көркейте түскен. Абайдың осы өлеңі туралы әдебиеттанушы ғалым Қаржаубай Жұмажанов: «Абай сол дәуірдегі болыстардың барлық сырын астарламай-ақ сол табиғи қалпында беріп отыр», - деп, бұл ойын одан әрі сабақтап, - Қарақалпақ әдебиеті тарихының білікті зерттеушісі Баекеш Қалімбетов «Әжінияздың лирикасы» еңбегін жазғанда Абайдың Әжіниязбен, Әжінияздың айырым шығармаларын Абай сатираларымен салыстырып, образ жасау шеберліктерінен үндестік табады. Ғалым Әжінияздың «Ала құс» сатирасын былай талдайды:

«Аспанда жүр ала-ала көрініп,
Жерге түссе құйрығынан сүрініп.
Балақ жүні тепкірінен түріліп,
Тарландай тітіренер біздің ала құс.
Ала құстың бүркіт көбі тырнағы,
Хасла жаздырылмас ұрса қармағы,
Елге ауыр түссе керек салмағы,
Соңындай бимаза біздің ала құс».

Халқымыз көбінесе тұрақсыз, сатқын адамдарды сауысқанға теңейді. Ал сұм адамдарды - түлкіге, аңқау адамдарды түйеге теңеп тағылымды сөздерменен көпшілікті дұрыс болуға уағыздайды. Көп ұнамсыз адамдарға «хақкедей шық-шықтап» деп Абайдың «Болыс болдым, мінеки» деген өлеңі мен Әжінияздың «Ала құс» атты сатиралық өлеңін салыстырып: «Әжінияз бұл жерде «Ала құс» арқылы өзі жасаған дәуірдегі ел билеген алаяқтарды хәккеге (сауысқанға – Ә.Н.) теңеп, көркем образды сөзбен әжуа етіп, түйреп отыр» [5. 324 б.], - деп жазады.

Әжінияздың біршама шығармаларында қарапайым халқына емес, ханның жарлығын орындауға қызмет етіп жүрген атқамінерлердің образы керемет ашылған. Мысалы «Болмаса» деген өлеңінде ақын:

Моллалар хун чекип, хатларын язар,
Бойнында потасы дәруиш ел гезер.
Баш-башына болып пуқара тозар,
Хәр йуртның патшасы әдил болмаса [4. 68 б.], -

деп әділетсіз патшаның әділетсіз істерінен елдің тозып кететінін, халыққа жаны ашитын оқымысты молдалардың болған жайды азап шегіп, қан жұтып отырып хатқа түсіретінін айтқан. Бұл арада Әжінияз барлық әділетсіздіктің басы-патшада екенін ашық айтады.

«Керек» деген өлеңінде:
Сөгис келтиріп атаға,
Исин жиберип қатаға,
Ауылдағы кәтқудаға,
Саны жоқ пара пул керек [4.92 б.], -

деп сол ханға қызмет етіп жүрген атқамінер ауылдағы «кәтқудалардың» парақорлығын, ақшаның құлына айналып, әділетсіз ісімен ата-бабаларына сөз келтіріп жүргендерін сүйектерінен өткізіп жазса:

Халық сораған аталыққа,
Исин жүритип қаталлыққа,
Күш берип өнбес салыққа,
Халықты постырған шул керек [4.92 б.], -

деп ханға сатылған «аталықтардың» салық жинаудағы халықты сүліктей сорған сорақы қылықтарын, халықты бостырып жібергенін әшкерелеген. Осы өлеңде ақын тағы да әділетсіз патшаны «тегин ақшаға», «соғысқа» құмар, «адамды пақсаға көмген» залым екенін бейнелеп былай дейді:

Қумартып тегин ақшаға,
Адамды көмип пақшаға,
Халықты сораған патшаға,
Күнде-күнде урыс керек. [4.92 б.]

Әжинияз қаламына іліккен Хиуа ханының елбасқару жүйесіндегі Бек, Бегілербегі, би, аталық, найыптардың атауы ғана емес олардың есімдері де аталады. «Айтса ада болмас Хажыниязы, Бес жүз мөхирдарлы бийлери бардур» [4.62 б.] деп Әжинияз өз дәуірінде қарақалпақта 500 бидің болғанын жазған. Солардың он тоғызының аты-жөні «Бардур» өлеңінде тұр. Басқа өлеңдерінен де аты аталатын атқамінерлердің есімін кездестіруге болады. Әжинияз бұл нақты деректерді қайдан алуы мүмкін? 1858-1859 жылы Қоңыраттағы көтерілісті басуға сол билердің ішінен «Хиуа ханына актив жәрдем берген» [6.41 б.] билердің есімі архив қорларында сақталған ба? Қазіргі заманның қарақалпақ тарихшыларының зерттеу жұмыстарында осы мәселе қарастырылған ба екен?!..

Қорыты айтқанда әрқанда ақын өзі жасаған заманның көзі мен құлағы. Демек, ақын болған адам өзі жасаған заманы жайында пікір білдіруі керек. Сол үшін де ақын-жазушылардың шығармашылық еңбектері өз халқы және өмір сүрген заманы туралы айтқан әділетті пікірлері мен де өлшенеді.

Екі ұлы классик Абай мен Әжинияздың шығармаларын кең түрде салыстырып зерттеу арқылы XIX ғасырдың екінші жартысындағы екі халықтың басынан өткен көп шындықты қазіргі жас ұрпақ аша түсіп, оны бүгінгі және келер заманмен кең байланыстыра отырып үлкен зерттеу еңбек жазса болады. Бұл – келешектің ісі!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар (құрастырып, басапаға әзірлеген Н.Ақбаев). – Алматы, «Санат», 1995. – 320 бет.
2. С.Ахметов, Қ.Мәмбетов. Қарақалпақ әдебиеті. Орта мектептің 10-классы үшін сабақлық. Нөкіс: «Билим» баспасы 1996-жыл. 288 б.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинаға. – Алматы: Жазушы. – Т-1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005 – 296 бет.
4. Әжинияз. Шығармалары. Өзбекстан ССР Илимлер академиясының Қарақалпақстан филиалы. Н.Дәуқараев атындағы тарих, тил хәм әдебият институты. «Қарақалпақстан» баспасы. Нөкіс-1975.
5. АБАЙ. Энциклопедия. (Бас ред. Р.Н.Нұрғалиев; ред. Алқасы: З.Ахметов, (Л.М.Әуезова), Б.Г. Ермакович т.б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 бет.
6. К.Байғиязов «Қосықтың күші». «Қарақалпақстан» баспасы, Нөкіс, 1977.